

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ЭКРАННАН САНАҒА: ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ФИЛЬМДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Уразали Аида Қанатқызы

aidaurazali@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Ікурс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қызырова Ә.М.

Білім беру — адамның әлемге деген көзқарасын, өмірлік ұстанымдарын, дағдыларын мен қабілеттерін, тұлғалық қасиеттері және құндылықтарын қалыптастырудың басты формасы. Оқыту арқылы мұғалім білім алушылардың санасына әсер етіп, оларға ғылыми тұрғыда дәлелденген жалпы танымдық ақпараттарды үйретеді, қоғаммен әрекеттесуіне, яғни әлеуметтенуіне жол ашады. Мойындау керек, сабақ барысында оқушылардың назарын өзіне аудару және оларды сені тыңдауға итермелеу оңай іс емес. Ол үшін білім берудің әдістемесімен, білім алушылардың жас және дара ерекшеліктерімен толыққанды таныс болуың қажет. Оқыту барысында оқушыларға қызықты болатын, олардың бар назарын өзіне аударатын тәсілдерді пайдаланудың маңызы зор. Осы орайда, білім беру үдерісі мен фильмдердің сабақтастығын алға шығаруға болады. Фильм - бұл белгілі бір хабарды, идеяны немесе эмоцияны жеткізу үшін жасалған кескіндер, дыбыстық жолдар және мәтіндік элементтер тізбегінен тұратын мультимедиялық өнім. Білім беру контекстінде фильм ақпаратты визуализациялау, талқылауды, талдауды тудыратын және көп өлшемді оқу тәжірибесін құру құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Фильмдер — оқуға деген қызығушылық пен ынтаны, сыни тұрғыдан ойлауды дамытатын және оқушыларды әртүрлі білім беру үлгілеріне бейімдейтін қуатты оқу құралы. Оларды заманауи білім беруде пайдалану дәстүрлі оқыту әдістерін толықтырып қана қоймай, сонымен қатар студенттердің белсенділігі мен оқу мақсатына тезірек жетуіне жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл мақалада біз фильмдерді оқу процесінде пайдаланудың әртүрлі аспектілерін және олардың студенттердің білімін, дағдыларын және құндылықтарын қалыптастыруға әсерін қарастырамыз.

Сыныпта, аудиторияда фильмдерді пайдалану оқушылардың назарын аударуға және оқу материалын тереңірек қабылдауға ықпал ететін эмоционалды бай оқу ортасын жасауға көмектеседі. **Келесі ретте білім беруде фильмдерді пайдаланудың артықшылықтарына тоқталайық:**

1) Фильмдер оқушылардың түсінігін тереңдетеді

Кейде оқушыларға сыныпта оқытылатын кейбір ақпараттарды түсінуге біраз уақыт қажет болады. Фильмдерді қарапайым оқыту үдерісімен сабақтастыру материалдарды тереңірек түсінуге көмектеседі. Фильмдер оқушының сезіміне әсер ете отырып, ақпараттарды ұғыну және оларды есте сақтауды жеңілдетеді.

2) Фильмдер оқуды қызықты етеді

Бір сарынды тақырыптар мен біркелкі оқыту формалары кейде білім алушыларды жалықтырады. Соның салдарынан сабақтар қызықсыз өтіп, ал білім алушылар немқұрайлық танытуды бастайды. Фильмдерді оқу үдерісіне енгізу сабаққа белсенді қатысуды қамтамасыз етеді және белгілі бір пәнге деген оқушылардың ынтасын арттырады. Оқушылардың қандай да бір тақырыпқа немесе пәнге деген қызығушылығы жоғары болса, олар ұғымдарды оңай түсініп, тапсырмаларды жақсы орындай алады. Сондықтан мұғалімдер сабақтарын толықтыру үшін анда-санда фильмдер көрсетілімін ұйымдастырып отыруы керек.

3) Білім алушылардың есте сақтау қабілетін арттырады

Қайталау — мұғалімнің белгілі бір тақырыптар бойынша есте сақтауды жақсартуда қолданатын тәсілдерінің бірі. Әйтсе де, тақырыптарды қайталау педагог үшін қиын, ал білім алушылар үшін жалықтырарлық болуы мүмкін. Бұл жағдайда мұғалім оқушыларға осыған

дейін үйренген тақырыппен байланысы бар фильмді көру мүмкіндігін ұсына алады. Бұл оқушыларды есте сақтауын жақсартуға көмектесетін қайталау үдерісімен қамтамасыз етеді.

4) Фильмдер белгілі бір мәселелер тұрғысында хабардар болуға көмектеседі

Кейбір фильмдер қоғамдағы өзекті мәселелерді көрсету үшін түсіріледі. Бұл мәдениетке, экономикаға, әлеуметтік өмірге немесе дінге қатысты мәселелер болуы мүмкін. Бұлардың кейбіреуін түсіндіру мұғалім үшін қиын болады. Ал фильмдер оқушыларға қажет көкарасты қалыптастырады. Білім алушылар өз қоғамында не болып жатқанын және адамдар нені бастан өткергенін, тіпті қазіргі деңгейіне жету үшін қандай қиындықтардан өткенінен хабардар болады. Бұл фильмдер оқушылар арасында маңызды құндылықтарды үйретуге көмектеседі. Мысалы, зорлық-зомбылық мәселелерін қамтитын фильмдер оқушыларды сүйіспеншілік пен қамқорлыққа үйретеді.

5) Білім алушыларды шабыттандырады, ынталандырады

Шабыт білім алушылар үшін өте пайдалы, себебі олар адамгершілікке жетелейді және өмірлерін дұрыс жолға салуға ынталандырады. Фильмдерде сюжеттер болады, бұл сюжеттердің көпшілігі адамдардың қиындықтарды жеңіп, жақсы жаққа қарай қадам басуын қамтиды. Бұл көріністер оқушыларды өз өмірлеріне назар салып, еңбек пен құрмет сияқты құндылықтарды қабылдау арқылы өз өмірлерін жақсы жаққа өзгертуге жетелейді. Дегенмен, оқушыларға нені үйреткіңіз келетініне байланысты фильмді дұрыс таңдау басты назарда болуы керек.

6) Қос кодтау

Қос кодтау оқушылар белгілі бір тақырыпты оқығанда, содан кейін оқығандарына қатысты фильмді көргенде қолданылады. Бұл — білім алушыларға үйретіліп жатқан материалдарды жақсырақ түсінуге көмектесетін өте жақсы әдіс. Сонымен қатар, оқытушы бұл мүмкіндікті пайдалана отырып, оқушыларға кітап пен фильм арасындағы айырмашылықтарды анықтауды тапсырма ретінде бере алады. Бұл — сынып аясында пікірталас алаңын ұйымдастырудың жақсы әдісі [1].

Осы орайда өз тәжірибемде болған оқыту барысында фильмді қолданудың тиімділігі туралы сөз қозғайын. Бізге ағылшын тілі пәнінен беретін оқытушы үнемі сабаққа байланысы бар өзара ұқсас әрі өзектес тақырыптармен ұштасқан фильмдерді және бейне материалдарды үй тапсырмасы ретінде береді. Мәселен, әлеуметтік маңызы бар фильмдер, деректі фильмдер мен TED әңгімелері (TED talks). Солардың біріне тоқталар болсам, “The Ron Clark Story” деп аталатын тоқсан минуттық фильм. Бұл фильмді тапсырма ретінде берудің пайдасы неде болды? Біріншіден, ағылшын тілі пәнімен сабақтастығы. Яғни, біз бұл фильмді ағылшын тілінде қарап, тыңдалым дағдымызды дамыттық. Сонымен қатар, жаңа сөздерді үйреніп, оларды дұрыс дыбыстауды үйрендік. Екіншіден, фильм туралы жеке көзқарасымыз бен пікірімізді білдіру арқылы сөйлеу дағдымызды жетілдіріп, өз ойымызды еркін жеткізуге бейімделдік. Үшіншіден, фильм мұғалім және оқушы арасындағы қарым-қатынасты көрсететін сюжеттен тұрғандықтан, болашақ мұғалім ретінде басты қаһарманнан оқытудың әдеттен тыс үлгілерін үйрене отырып, келешекте балалармен қалай жұмыс жасау керек екендігі бойынша жалпы түсінік қалыптастырдық. Ең қызығы, біз өзімізді оқушының да, мұғалімнің де рөлдеріне қойдық. Біз мұғалім мамандығын оқып жатырмыз, онымен қоса, біз — білім алушылармыз. Осылайша, сыни ойлау дағдыларын қалыптастырдық. Төртіншіден, фильм қарау барысында ешқандай жалықтыратын жайттар болған жоқ. Студенттердің барлығы да тапсырманы орындап келді. Бұл — ең үлкен жетістік.

«Фильмге негізделген білім беру» үшін қолданылатын жанрлар:

1. Экранизация

Экранизацияланған фильмдер кітап мазмұнындағы негізгі аспектілерді эмоциялық бейнелеу арқылы айқындай түседі. Кітаптағы басты кейіпкерлер білікті мамандардың сүзгісінен өтіп, өмірлік қалыпқа енеді және өздерінің ұстанымдарын нанымды түрде жеткізеді. Бұл жанрды адам психологиясын түсіну және тануды дамыту үшін қолдануға болады.

2. Өмірбаяндық фильмдер

Басты кейіпкердің өміріндегі өрлеу және құлдыраумен ұштасқан эйфориялық шешім көрермен көңіліне бұл дүниеде мүмкін емес ештеңенің жоқ екендігіне сенім мен үміт ұялатады. Шыдамдылық құндылығын, алысты көре білетін байқампаздық және қиын сәттердегі жауапкершілік пен еркін әрекетті дамыту үшін өмірбаяндық фильмдерді пайдаланған жөн.

3. Деректі фильмдер

Деректі фильмдерде өмірлік шындықтан көркемдікке ұласады. Бұл жанр ақиқат пен көркемдік арасындағы нәзік жиекті зерттеп зерделеуге ынталандырады. Деректі фильмдер аналитикалық дағдыларды, табандылықты, сыни ойлауды, үйренуге деген құштарлықты және зерттеу дағдыларын дамытады.

4. Ғылыми фантастика

Ғылыми фантастикалық тәжірибе негізінен жасөспірімдерге арналған болса да, ересек білім алушыларға арналған көптеген сабақ стратегияларын әзірлеуге, қалыптан тыс ойлауға, шығармашылыққа және мазмұнды жұмыс жасау үшін әртүрлі әдістердің икемділігі мен бейімделуіне негізделген.

5. Драма

Драма көңіл-күй, ішкі эмоциялар және толқыныс-тебіреністермен тығыз байланысты. Драма сан қилы жағдайлар арқылы жаңа ойлар туындатып, мінез-құлық дамуына түрткі болады. Сюжет қылмыс, романтика, триллер, эмоционалдық күрес немесе қарым-қатынас сияқты көптеген формаларда көрінуі мүмкін. Драма арқылы дамытуға болатын негізгі дағдыларға қарым-қатынас, тыңдай білу, топтық жұмыс, ынтымақтастық, достық пен уақыттың құндылығын түсіну жатады.

6. Комедия

Комедия — бұл күйбең тіршіліктегі күйзелістерден қашу жолы. Комедиялық фильмдер бізді айналадағы адамдар ортасында көңіл көтеріп бой жазуға үйретеді. Комедиялық фильмдер стрессті жеңуге, жақсы қарым-қатынас орнатуға, өзімізге деген сенімділікті арттыруға және өзін-өзі бағалауды дамытуға мүмкіндік береді. [2]

Фильмдерге негізделген білім беруді қалай жоспарлаймыз?

1. Фильмді және жанрды таңдаңыз;
2. Аудиторияны дайындап алыңыз, олар мұның жай ғана көңіл көтеру емес, салмақты іс екенін түсінуі қажет;
3. Әр оқушыға фильм туралы сұрақтар жұмыс парақтарын жасаңыз;
4. Жұмыс парақтарында егер олар басты кейіпкерлердің орнында болса, не істейтіні туралы сұрақтар бар екеніне көз жеткізіңіз;
5. Білім алушыларға фильмді бастамас бұрын парақтарына жазғанын оқуды және фильмнен кейін өз бақылауларымен бөлісуін ұсыныңыз;
6. Оларға талдау жасауға және жұмыс парағына өз көзқарастарын ұсынуға жеткілікті уақыт беріңіз;
7. Фильмнің олардың күнделікті рөлдеріне сәйкестігі туралы пікірталастар ұйымдастырыңыз;
8. Бұл бақылауларды өздерінің өмірлік міндеттерімен қалай байланыстыруға болатындығы туралы әңгімелеуін сұраңыз;
9. Фильмнің оқу талаптарына сай екендігін тексеріңіз [2].

Бұл жоспардың тиімділігі оқуды практикалық тұрғыда қызықты етіп, материалды терең меңгеруге және нақты өмірде қолдануға ықпал етеді. Сонымен қатар, фильмдерді пайдалану тақырыптарды әртүрлі бағыт бойынша қарастыруға және жаңа түсініктер алуға мүмкіндік беру арқылы студенттердің білім беру және білім алу тәжірибесін байытады.

Хартли мен Дэвис зерттеулерінің нәтижесі бойынша дәріс арқылы оқыту барысында университет студенттері алғашқы 10 минутта үйретілген нәрселердің 70% және соңғы 10 минутта үйретілгендердің тек 20% ғана есте сақтай алады. Өзджан Демирелдің тұжырымына сүйенер болсақ, адамдар көрген және естіген нәрселердің 50% және көрген, естіген және айтқан нәрселерінің 80% есте сақтайды [3]. Бұл зерттеу нәтижелері оқушылардың

ақпараттарды есте сақтауы үшін мультимедиялық білім беруді ұйымдастыру керек екенін дәлелдейді.

Қорытындылай келе, оқу процесінде фильмдерді пайдалану студенттердің оқу тәжірибесін байытатынын, оқуды қызықты және тиімді ететінін атап өтуге болады. Фильмдер білімді тереңдетуге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар сыни ойлау, эмпатия және аналитикалық ойлау сияқты маңызды дағдыларды қалыптастырады, ынталандырады және дамытады. Олар оқу үдерісінде жетістікті нәтижелерге жетуге және оқушылардың жеке қасиеттерін тудыруға ықпал ететін оқу ортасын жасайды. Сонымен, кинофильмдерді білім беруде пайдалану оқытудың тиімді әдісі ғана емес, білім алушылардың тұлғалық дамуы мен мәдени байытылуының қуатты құралы болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Josh Drew “6 Key Benefits of Using Movies in Education” Nov 13, 2020.
2. Hithakshi Kotyan “A Different Approach: Movie-Based Learning” March 7, 2020.
3. Lale Kabadayi “The role of short film in education” 2012.

UDC 372.881.111.1

MODERN TECHNOLOGIE’ IMPACT ON STUDENT MOTIVATION FOR AUTONOMOUS LEARNING

Khamitova Aida

aida_khamitova@inbox.ru

2-year master’s student with a major in “Foreign Language: Two Foreign Languages”

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Scientific supervisor - G. A. Khamitova

Introduction

In the 21st century, the emphasis on language teaching has increasingly prioritized the development of learner autonomy. Autonomy, a concept not limited to education but also prevalent in fields such as organizational management, medicine, and business, plays a significant role in empowering individuals. However, the literature surrounding autonomy in language learning surpasses that of other disciplines. According to Dickinson (1995), autonomous learner takes complete responsibility for all of the decisions concerned with learning and implementation of those decisions [1]. He/she also takes an active, independent attitude to learning and undertakes a learning task separately. Little (1991) sees autonomy as a capacity for detachment, critical reflection, decision-making and independent action [2]. He describes the term responsibility as control over the cognitive processes underlying effective self-management of learning.

Since learners today are 21st-century learners or digital natives, as they possess high technology, bringing technology into the classroom will meet the needs and increase their motivation especially in learning the language, and provide a great opportunity for them to study autonomously and collaboratively [3]. Technology is needed by students in schools and the workplace as one of the basic skills in the 21st-century [4]. They have the skills to use technology as part of their lives. Students can use ICT in learning process to explore any information connected to their lesson and help them to access learning materials through Internet. It is supported by Lam and Lawrence (2002)’s claim that using technology allows the learner to control their learning process and provides learners with ready access information [5].

Zimmerman (2002) highlights the role of technology in fostering metacognitive awareness and self-regulated learning skills among students [6]. By providing access to digital tools for planning, monitoring, and reflecting on learning progress, technology-enabled environments empower students to take control of their learning processes and become more autonomous and motivated learners.